

ТҮРКІСТАН

Халықаралық саяси ақпараттық газеті

Сәбит ДОСАНОВ: ҮРЕЙЛІ КӨКТЕМ

Бүгін наурыз айының отыз бірінші жұлдызы. Сейсенбі. Сексен жетінші жыл. Бұл айдың соңғы күні де тарих қойнауына кетіп барады. Сексен алтының желтоқсанынан бері бар болғаны үш айдан сәл ғана артық уақытта жүректі қансыратып, сананы сансыратқан сан алуан оқиғалар болды. Қазақстанның шаш ал десе бас алатын басшылары Кремльдің бұйрығын мүлтіксіз орындады. Брежнев атындағы аландағы бейбіт шеруге қатынасқан жастар асқан айуандықпен аяусыз жазаланды. Қарусыз жастарды қан жоса ғып алаңнан қуған “Құйын” операциясына мұздай қаруланған он мың жеті жүз әскери адам қатынасты» дейді белгісіз қалуды қалаған дерек көзі. Суықта тоңған жастарға өрт сөндіргіш машиналармен су шашып, әскери техника қолданылғанын шыққыр көзіміз көрді. Қалада отыз мыңға жуық адам тәртіп орнатуға тартылғанын құқық қорғау саласының басшылары мақтанышпен мәлімдеді. Алғашқы екі күннің өзінде ондаған жас қыршыннан қиылып, екі мыңға жуық адам жарақат алды деген сөздің шындық болып шыққаны қандай ауыр? Желтоқсандағы көтеріліске қатынасушылардан КГБ-ның жүзден астам, прокуратураның бес мыңнан астам қызметкері жауап алуда дегенді де естіді ғой бұл құлақ. Қазірдің өзінде қаншама адам партиядан, комсомолдан, жұмыстан қуылды емес пе? Шашы жұлынған қыздарымыздың, басы жарылған ұлдарымыздың, көздерінен қанды жас парлап аңыраған аналарымыздың азасы аз болғандай жала жалыны шарпыған, талай ер азаматтың сергелдеңге түскенін қайтерсің? Желтоқсанның қаралы күндерінде халқы үшін қайғырып, қан жұтқан менің аяулы Ерасылым да амалсыз шетел асып кетпеді ме? Ойлап отырсам, Ерекемнің Алматыдан кетуге мәжбүр болғанына да айдан асып барады. Соңғы рет Берлиндегі “Берлин” қонақ үйінен қоңырау шалғалы да екі апта. Содан бері хабарсыз. Телефон тыңдалатын болғандықтан жиі сөйлесе де алмайды. Қайда, не күйде жүр екен? Соңғы айларда денсаулығы да сыр бере бастап еді. Қайда жүрсе де аман болса екен. Жан серігім үй ішімен аман-есен табысуға жазса, тағдырдан өзге бақыт сұрамас ем. Соңғы айлардың оқиғасы Әсем мен Әсетті де тез есейтіп жіберді. Республикада болып жатқан өзгерістерге олардың өз көзқарастары бар. Әсет бесінші курстың студенті, болашақ заңгер ғой. Ол мемлекеттік құрылыс, адам правосы жайлы заңнамаларды жақсы біледі. Содан да болар бүгінге дейін жазылған Конституцияларға түбірлі өзгерістер енгізуді армандайды. Суретшілер училищесінде оқитын Әсемнің де ой-өрісі кең. Ең бастысы – екеуінің де жандүниесі таза. Шыншыл. Әсет әкесінің аузынан түсіп қалғандай, Ерасылдан айнымайды-ау, айнымайды. Түрі ғана емес, мінез-құлқы да. Өзі сондай настырный. Ойға алғанын орындамай тынбайды. Сөзге де шебер. Әкесі сияқты бір сөйлеп кетсе біразға дейін тоқтамайды. Әселжан өзіме тартқан көп сөйлемейді. Көбіне өзімен-өзі оңаша қалуды қалайды. Қолынан кітап түспейді. Кешкі сауық-сайран кештеріне баруға құмар емес. Оның есесіне театрды жақсы көреді. Белинскийдің “Вы любите театр” деген сөзін бәріміздің құлағымызға құя береді. Әсет дегенде ішкен асын жерге қояды.

Ана жолы ағасы бізді тыңдамай алаңға кеткенде уайымдағанын көрсен. Ағасының соққыға жығылғанын көргенде шыбын жаны шырқырады-ау, құлынымның. Әсетті университеттен шығарып жібере ме деп те қорықтық. Абырой болғанда ол жақын үйлердің біріне кіріп бой тасалапты. Кейін тергеушілер жауапқа іліккен жастардан: “Мына жігітті танысындар ма?” деп сұрайды ғой. Сонда жолдастары: “Жоқ, танымаймыз. Аланда бізбен бірге мұндай жігіт болған жоқ” депті. Аналық жүрегім сезеді қос құлыным бізді ұятқа қалдырмайды. Соңғы кездері уақыт күнделікті өмір күйбеңімен босқа өтіп жатыр. Бүгін де сабаққа барып, үйдегі ұсақ-түйек шаруалармен айналысып, газет оқығаннан бөтен түк бітіргенім жоқ. «Күніне бір маңызды іс істемесең, не біреуге бір жақсылық жасамасаң ол босқа өлген күн» дейді біздің Ерасыл. Бүгін де бір күн босқа өтті. Ерасылым елге тезірек оралып, бас аман, бауыр бүтін болса, босқа өткен күндердің есесін еселеп қайтарармыз. Бәрінен де амандық керек. “Амандық жамандықты жеңеді” демей ме дана халқымыз...”

Қыз күнінен бергі сенімді серігі – күнделік дәптермен сырласқан Айгүл жазу столынан тұрып, көрші бөлмеге келгенде ұлы мен қызының кезекті пікірталасының үстінен түсті.

– Сенің Конституцияны өзгертеміз дегенің құр қиял, – деді Әсел.

– Неге олай дейсің? – деді Әсет.

– Совет үкіметі тұрғанда Советтік Конституцияны ешкім де өзгерте алмайды. Советтік системаның мызғымайтынын бала да біледі.

– Совет үкіметі мәңгілік деп ойлайсың ба?

– Әрине, мәңгілік.

– Мәңгілік ештеңе жоқ. Мәңгілік үкімет тұрмақ, мәңгілік двигатель жоқ. СССР деп аталатын алып империя да құлайды.

– Қашан?

– Оны дәл айта алмаймын. Мен көріпкел емеспін.

– Көріпкел болмасаң да бәрін білетін білгіш емессің бе? Айтшы, кәне, білгіш болсаң қашан құлайды Совет үкіметі? – деп Әсел болар емес.

– Одақтас он бес республика СССР-ге өз еркімен біріккен жоқ, – деп бастады Әсет сөзін. – Зорлық-зомбылықпен, күшпен қосақталды бір-біріне. Еріктен тыс, күшпен таңылғанның бәрі өміршең емес. Махаббатта да, өмірде де солай.

Ондай отбасында бір-біріне деген сүйіспеншілік жоқ. Әділеттілік, табиғилық, тепе-теңдік жоқ. Бәрі жасанды. Ал жасанды нәрсенің ешқайсы да өміршен емес. Күшпен таңылған темір құрсау ғана Совет үкіметін ұстап тұрған. Қаталдық күшейіп, темір құрсаулы шеңбер тарылған сайын қысылғандардың қарсылығы да күшейе береді. Есіңде болсын, Әсел, бұл өмірде ештеңе де ізсіз кетпейді. Кешегі желтоқсанда төгілген қанның бір сұрауы болады...

Сол сәт сыртқы есіктің қоңырауы шырылдай жөнелді. Үшеуі “мезгілсіз келген кім бұл?” дегендей ауыздары аңқиып, бір-біріне аңтарыла қарады. Оның да орайы бар. Елдің алды ұйқыға кеткен түн мезгілінде жұрт бірін-бірі өте шұғыл шаруа болмаса мазалай қоймайды. Тіпті болмай бара жатса телефон шалады. Ауылдан келе қоятын ағайын тағы жоқ. Осы оймен бұлар бір-біріне сұраулы жүзбен қарап біраз тұрып қалды. Есік қоңырауы тағы да, бұл жолы қатты әрі жиі шырылдады.

– Кім бұл?! – Әсеттің дауысы қарлығыңқырап естілді.

– Әсетжан, бұл мен ғой, – деген таныс дауыс естілді.

– Ура, папам келді! Табалдырықтан аттай берген Ерасылға бір-ақ қарғып жеткен Әсел әкесін құшақтай алды.

– Әселтайым менің! – деді Ерасыл ет жүрегі елжіреп.

– Әу, бізге де кезек берсеңші, – деп енді Әсет құшақтады әкесін.

Айгүл бұларға аузын ашып қарап қалыпты. Қуанғанынан көзінің алды жасаурап, тізесі дірілдеп кетті. Сәлден соң бойын билеген Айгүл ұлы мен қызының көзінше Ерасылдың мойнына асыла кетті.

– Алдымен шай ішесің бе, әлде тамақ ысытып жіберейін бе? – деді сәлден соң Айгүл Ерасылдың сыртқы киімін іліп жатып.

– Әзірге тамақ та жемеймін, шәй да ішпеймін, – деді Ерасыл Айгүлге мейірлене қарап. – Қалада тыныштық па? Мені сұрап жатқандар бар ма? – деді сосын орындыққа жайғаса беріп.

– КГБ-ның өзі де сені сұрай-сұрай шаршады, – деді Айгүл. – Жанашыр жақындарымыз сенің кешіккеніңе аландаулы.

– Мәскеуден кейін СССР Жазушылар одағынан творчестволық командировка алып, ГДР-ға кеткенімді білесіндер, – деп бастады Ерасыл әңгімесін. – Мәскеуден Берлинге ұшарда қатты қобалжыдым. Себебі бұл жолғы сапардың жөні бөлек. Бұрын шет елге делегация құрамында, кейде туристер тобымен барып жүрдім ғой. Ондайда жаныңда елден бірге шыққан жолдастарың,

таныстарың және аудармашы болады. Бұл жолы жалғызбын. Бұрын жол түспеген ел, бейтаныс халық. Ең қиыны – немісше түк білмеймін.

– Неге? Мектепте неміс тілін оқыдық дегенің қайда? – деп қалды Әсел.

– О, одан бері қанша уақыт өтті және алыс ауылда қайбір жетістіріп оқытты дейсің. Бар білетініміз “айн, свайн, драй” мен “Гитлер капут” еді, оның өзін де ұмыттық қой. Жазушылар одағының шетел комиссиясындағылар: “Рейсінізді ГДР Жазушылар одағына хабарладық. Сізді міндетті түрде қарсы алады” деген. “Немістер қарсы алса жақсы, қарсы алмаса не істеймін?” деп ойлады. Осы ойымды Олжасқа айтып ем, ол: “Қорықпай бара бер. Немістер пунктуальный халық. Хабар жетті ме, бітті, сөзсіз күтіп алады” деді. “Өмірде әртүрлі жайлар бола береді ғой. Егер олар күтіп алмаса не істеймін: “Ойбай-ау, мен бір ауыз немісше білмеймін ғой” –деп шошындым. “Білмей-ақ қой. Берлиндегі немістердің жартысына жуығы орысша сайрап тұр. Берлинде Бастиан Бригитта деген танысым бар. Оның да телефон номерін жазып ал. Өзі аздап орысша біледі. Менен сәлем айт. Өзі өте сұлу әйел. Байқа, ғашық болып қалып жүрме”, – деді Олжас. Осы әңгімеден соң ойнақшыған жүрек орнына түсті. Дегенмен сақтық жасап Берлиндегі Совет елшілігінің телефон номерлері мен адресін жазып алдым. Сонымен наурыз айының екінші жұлдызында, дүйсенбі күні “Ил-62” аэробусымен екі сағат жиырма минуттан соң Берлиннің Шенфельд әуежайына келіп қондық. “Шенфельд” – “Красивое поле” деген сөз екен.

Шынында да әуежай алаңының айналасы сұмдық сұлу екен. Берлинге келген күннің ертесінде “Зонтаг” дейтін газет редакциясының ұжымы кездесуге шақырды. Кездесуді газеттің бас редакторы Франц Даннеманн ашып, жүргізіп отырды. Ол өзі ұзын бойлы, арық, қаншардай қатқан орта жастағы әйел екен. Аздаған пікір алысудан кейін неміс журналистері сұрақты қарша боратты.

– Алаңдағы оқиға жайлы хабардар ма екен? – деді Айгүл.

– Иә, алаңдағы оқиға жайлы бір емес, бірнеше сұрақ қойды. Сол сұрақтар қанша адам қаза болдымен басталып, алаңдағы оқиғаға қатысты менің пікірімді сұраумен аяқталды. Мен қаза тапқандар жоқ, жарақат алғандар көп емес деп жауап бердім.

– Оған неміс журналистері қанағаттанды ма? – деп сұрады Әсет.

– Қайдан қанағаттансын. Бейбіт шеруге шыққан жастардың қалай жазаланғанын олар менен гөрі жақсырақ біледі екен. Мен бұл жайлы анық ештеңе білмейтінімді, білмеген нәрсе жайлы сөйлеу қиын екенін айтып жалтарып едім, олар оған қанағаттанған жоқ. Менің ЖенПИ-дегі кездесуге барғанымды, онда сөйлеген сөзімді көлденең тартып, алдымды орап кетті. Өзіміздің КГБ-дан қорқып қалған басым сонда да болса беріспей, ЖенПИ-

дегі кездесуде естігенімді айтып едім, ол жалған болып шықты. Біздің қазақта “құлақпен естіген өтірік, көзбен көрген шын” деген қанатты сөз бар – дедім. “Жарайды, бұл сөзіңізге сенелік”, – деп қуақылана жымыды бас редактор әйел сұп-суық, сұп-сұр жүзін әзер жылытып, жыланның көзіндей зәрлі көзіне күлкі үйіріп.

– Ал енді мистер Жақсыбеков мырза, сіз енді желтоқсан оқиғасы жайлы өз пікіріңізді айтыңызшы. Бейбіт шеруге шыққан қарусыз жастарды қатаң жазалау Бас хатшы Горбачевтің Саяси Бюро мақұлдаған қайта құру қағидаларымен, демократиялық принциптерімен сыйыса ма? Сіз жастардың бейбіт шеруіне күш қолдануды қостайсыз ба? Әлде айыптайсыз ба? Маған Сіздің “Литературная газетада” жарияланған мақалаңыздың “Тәтті өтіріктен ащы шындық артық” деген аты ұнап еді. Жазушының жалған сөйлемейтініне оқырмандарыңызбен бірге мен де сенемін, –деп төтесінен тартқаны.

– Ой, папа, дәл осы тұста қалай жауап береріңді білмей әбден қиналған шығарсың? – деді Әсел.

– “Былай тартсаң арба сынады, былай тартсаң өгіз өледінің” кебі келді ғой, – деді Әсет.

– Жоқ, мен қиналған жоқпын, – деді жанары дәл сол бір Берлиндегі кездесу кезіндегідей жарқ ете қалған Ерасыл. – Өтірік айтып үйренбеген басым “Айыптаймын. Бейбіт шерулерге күш қолдану қателік болды” деп айтып салдым. Сол сөзім өзіме сор болып жабысты.

– Ия, тағы не пәлеге жолықтың? – деді Айгүл үрейленіп.

– Сол бір жай тап қазір болып жатқандай көзің шарасынан шығып кетті ғой, – деп күлді Ерасыл. – Үрейленетіндей ештеңе жоқ. Қиыншылықтың бәрі артта қалды ғой.

– Қайтейін, қорқып қалған басымыз сәл нәрседен шоши береміз. Қорқа-қорқа қоян жүрек болдық қой, – деп ақталды Айгүл.

– Әңгімені желісін үзбей рет-ретімен айтайын–деп сөзін жалғады Ерасыл. – Берлинде “Фольк унд Вельт” баспасына барғанымда неміс тілінде жеке кітап болып шыққан “Қазақ ертегілерін”, Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясын, Олжастың өлеңдер жинағын көріп, қатты қуандым. Қазақ қаламгерлерінің “Ақ аруана” деген атпен шыққан кітабында менің де бір әңгімем бар екен. Ол шығармаларға редактор болған Кристина Линкс, Ганна Браунгарт қазақ әдебиеті жайлы жылы пікірлер айтты. Бұдан кейін ГДР Жазушылар одағында, Германиядағы Совет елшілігінде болдым. Берлин қаласындағы кездесулерден соң Германияны аралап кете бардым. Неміс әріптестерім жанымата Наташа есімді аудармашыны қосып берді. Ол Мәскеу

университетінің филология факультетін бітірген, өзі орысша мен немісшеге бірдей жетік, пысық әйел екен. Күйеуі неміс.

– Берлин сұлу қала ма екен? Онда не көрдің? – деп сұрады Әсет.

– Берлинде көргенімнің бәрін тәптіштеп айтып уақыттарыңды алмай-ақ қояйын. Сапар әсерлерін кейін жазамын. Бірер сөзбен айтсам, Берлин бір миллион жүз алпыс мың халқы бар, Батыс пен Шығыс архитектурасының озық үлгілерін бойына сіңірген сұлу қала екен. Тоғыз ауданға бөлінген қалада жүз жиырма елдің елшілігі мен сауда өкілдіктері бар десті білетіндер. Алты миллионға жақын кітап қоры бар неміс ұлттық кітапханасы, неміс тарихының музейі, ұлттық галерия, Гумбольдт университеті жақсы әсер қалдырды. Архитектор Кнобсельсдорфтың басшылығымен 1741–1743 жылдары салынған ұлттық опера театры мен он жетінші ғасырда Афин аркасының үлгісімен архитектор Лангханс тұрғызған атақты Бранденбург қақпасы сәулет өнерінің озық үлгісі. Берлиннің бас көшесі Унтер ден Линдендегі 1851 жылы Пруссия королі Фридрихқа қойылған ескерткіш аспанның өзіне асқақ қарап тұр. ГДР мен ФРГ-ні бөліп тұрған бетон қабырғаның ар жағында Тиргартен деп аталатын ғажайып парк бар десті. Әрине, біз оны көре алғанымыз жоқ. Бір қызығы – неміс әріптестерім мені қонақүйге емес, Мольдштрассе көшесіндегі төртінші үйге орналастырды. Сол үйдің алтыншы қабатынан Берлин қонақүйі де, Ленин ескерткіші де анық көрінеді екен. Сыртқы есікке домофон қойылыпты. Сыртта тұрып, келген пәтеріңнің кнопкасын басасың. Үйдегілер телефон трубкасын көтеріп, іштегі кнопканы басса кіресің, баспаса кіру жоқ ол үйге. Ұры-қары көбейе бастаған біздің Алматыға да керек екен ол. Лейпцигте ”Астория” қонақүйіне тоқтаған ек. Маған бөлген бөлме суық болып, тоңа бастағасын үстіңгі қабатқа орналасқан Наташаға телефон шалып едім, ол келді де, батареяның шет жағындағы тетікті бұрады. Сәлден соң бөлме іші құстың ұясындай жып-жылы болып шыға келді. Немістер тыңғылықты халық қой, көрмейсің бе, үйге жылуды керек кезінде қажетті мөлшерде береді екен. Біздің Қазақстан қалаларында кейде үйдің іші даладан бетер суық болып тұрғанда кей жерлерде трубалардан атқылаған ыстық су айналаға шашылып, жылу айдалаға кетіп жатады. Лейпциг халықаралық кітап жәрмеңкесін тұрақты түрде өткізіп тұруымен, аса бағалы аң терілерінің сауда көрмесін өткізуімен әйгілі. Гете оқыған қалада оған ескерткіш қойылыпты. 1900 жылы Ленин “Искра” газетінің алғашқы санын шығарған “Рау” баспаханасы сақталған қалада 150 баспа бар екен.

– Ал, керек болса, – деді Әсет. – Біз бүкіл Қазақстандағы бар-жоғы бес-алты баспаны көпсініп жүрсек.

– Бұдан кейінгі жол он бесінші, он сегізінші ғасырдағы Рафаэль, Джорджоне, Тициан, Веронезе, он жетінші ғасырдағы голландық Рембрандт, Вермеер, Рубенс; француз Пуссен, Ватто; он алтыншы ғасырдағы неміс Дюрер,

Гольбейн сынды атақты суретшілердің картиналары қойылған Дрезден қаласына түсті. Дрезденнің солтүстік батысындағы небәрі қырық екі мың ғана тұрғыны бар Майсен қаласы фарфор ыдыстарының неше атасын жасаумен әйгілі. Берлиннің солтүстік шығысындағы Ваймер қаласындағы Гете мен Шиллер, король Карл Август, Шекспир, Пушкин ескерткіштерін тамашалап, Герберт Грайнер Май есімді неміс әдебиетшісінің бастауымен барлығы жиырма бес залдан тұратын үш қабатты Гете музейін аралап көрдік.

– Біздің Алматыға да сондай бір үлкен әдеби музей керек-ақ, – деді Әсет. – Жеке жазушыларға болмаса да, бүкіл қазақ әдебиетіне арнап сондай бір үлкен ғимарат салуға болады ғой.

– Неміс халқының қандай ерекшеліктерін байқадың?

– Айгүл сенің бұл сауалыңа, немістер тәртіп пен тазалықты тәңір тұтатын өте еңбекқор халық деп қысқа жауап беруге болар еді. Оны Қазақстандағы немістердің күнделікті өмірінен өзің де көріп жүрсің. Бұған қоса айтарым, олар жерге үлкен құрметпен қарайды екен. Тұрмыстағы талғамдары да жоғары. Кешкісін көшеде көп жүрмейді олар. Көбіне, үйде, кафеде, ресторанда, театрда, концерт залдарында, барда болады. Германияның қалаларында дүкендер сенбі күні түске дейін ғана істейді. Демалыс күндері жабық. Аптаның бес күнінде өліп-талып жұмыс істейтін немістер сенбі, жексенбі күні жақсылап демалады. Ондайда олар көбінесе табиғат аясында болғанды ұнатады екен.

– Біз болсақ кір жуудан қонақ күтуге дейінгі барлық жұмысты сенбі мен жексенбіде істейміз, – деді Айгүл.

– ГДР-дің бәрін болмаса да біраз жерін аралап, Берлинге қайтып келсем, – деп әңгімесін жалғастырды Ерасыл. – Менімен кездесу өткізген “Зонтаг” газеті үлкен бір бетке менімен сұхбат жариялапты. Сұхбаттың тақырыбының астына: “Қазақтың көрнекті жазушысы, белгілі қоғам қайраткері Ерасыл Жақсыбеков Брежнев атындағы алаңда болған жастардың бейбіт шеруіне күш қолданған билікті айыптайды”, – деп үлкен әріптермен жазыпты. Сол сөздерді аудармашы орысшаға аударғанда енді елге қалай ораламын? деп қорықтым. Қайту билеті дайын. Енді не істеу керек? Қорыққанмен жан қала ма? Әрі ойланып, бері ойланып, “Правда” газетінде жұмыс істейтін орыс журналистеріне телефон шалдым. Осылай да осылай. “Мына сұхбатым үшін КГБ мені әуежайда тұтқындауы мүмкін. Сендер топталып келіп, мені құтқарындар” дедім.

– Содан? – деп қалды Әсет.

– Содан Шереметьево әуежайынан бірақ шығып, түрлі тексерулерден өтіп, күтушілер залына өте бергенімде жас мөлшері елуге тақап қалған біреу көзі көкшиіп қарсы алдымнан шыға келгені. Жолымды кес-кестеп, “Менімен

бірге жүріңіз” – деп жеңімнен тартты. Сөйтсем КГБ-нің офицері екен. “Тұра тұрыңыз. Әуелі күтіп алушылармен сәлемдесейін” деп әудем жерде тұрған бір топ қаламдас орыс достарыма қарай ұмтылдым мен. Олар да асыға жүріп келіп, мені орталарына ала қоршаған бойы сыртта тұрған машинаға әкеліп отырғызды. Өздері екі машинамен келген екен. Әуежайдан шыға артқа көз тастаған Андрей: “Соңымызда хвость бар. Енді не істейміз?” деді. Мен “Жазушылар одағына барайық” дедім. Ондағы ойым Георгий Мокеевичтен көмек сұрау.

– Ол кім? – деп сұрады Әсел.

– Атақты Марков.

– Соны да білмейсің бе? – деді Әсет Әселге. – Ол СССР Жазушылар одағының бірінші хатшысы. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, Лениндік сыйлықтың лауреаты, КПСС Орталық Комитетінің мүшесі, СССР Жоғары Кеңесінің депутаты. “Сібір” романының авторы. КГБ тұрмақ Кремльдегі Бас хатшыға да сөзі өтетін мықты.

– Жазушы боламын деп жүрген сен болмасаң мен бәрін бірдей қайдан біле берейін. Осы Қазақстанның өзінде бес жүз жазушы бар, – деп ақталды Әсел.
– Совет одағында пәлен мың шығар олар.

– Бәрін болмаса да, атақтыларын білуің керек. Суретшілерді ғана емес, жазушыларды да білуің керек! – деп өршеленген Әсеттің сөзін Айгүл бөлді:

– Ау, ботақандарым, әкелеріңнің сөзін бөле бермеңдер.

– Машинада келе жатқандағы барлық ой-арманым: «Алла жар боп, Георгий Мокеевич орнында болса екен. Ия, аруақ, ия, сәт болды.» Аулада тұрған сүліктей қара “ЗИМ-ді” көріп қуанып кеттім. Бұл Марков жұмыс орнында деген сөз. Ақылды кісілер қарапайым, кішіпейіл болады ғой. Марков мені бірден қабылдады. Ол кісі Алматыға соңғы жолы келгенде қасында болып қызмет жасағаным бар. Оңаша қалған бір сәтінде өзінің өтінішімен ол кісіні көк базарға да алып барғанмын.

– Сондай үлкен кісі базардан не алды? – деп сұрады Әсел.

– Ештеңе де алған жоқ, – деп жауап берді Ерасыл. – Базар – халық тұрмысының барометрі. Өзі тұратын жерден басқа қалаға барған адам сол жердегі халықтың тұрмысын білу үшін алдымен базарға барады. Сонымен не керек, Марковтың алдына жеткен мен ол кісіге барлық жағдайды жасырмай баяндадым. Георгий Мокеевич менің сөзімді бөлмей тындады. Ренішін де жасырған жоқ. “Аса қадірлі Георгий Мокеевич! – дедім мен. Біздің халқымызда “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” деген мақал бар. “Қанша қиын болса да, жазушы шындықты, тек қана шындықты айту керек” деп

жазған сіз. “Жазушы өз халқының – адвокаты” дегенді айтқан Лев Толстой. Мен ұлы орыс әдебиетінің шәкіртімін. Егер мен қара басымның қамын ойлап, қуғын-сүргіннен қорқып, өз халқымның сөзін сөйлемесем, жазықсыз жастарға ара түспесем, Сіз “Сен қандай қаламгерсің?” – деп маған ұрысуыңызға болар еді. Менің орнымда кез келген жазушы, мейлі орыс па, неміс пе, бәрібір осылай жасар еді. Менің тағдырым сіздің қолыңызда. Ара түсіп, арашалап аламын десеніз де, кеудемнен кері итеріп, темір тордың ар жағына жіберемін десеніз де еркінізде. Сізден асып қайда барамын? Сіз не айтсаңыз да көнемін”. Марков сәл ойланып отырды да үкіметтік байланыс телефоны арқылы КСРО Қауіпсіздік Комитетінің төрағасымен сөйлесті. Өзі өте ақырын сөйлейтін кісі ғой. Жүрегім атқақтай соғып, құлағым шыңылдап отырып шала-пұла естіген сөзімнің қысқаша мазмұны: “ГДР-ден жаңа ғана ұшып келген қазақтың талантты жазушысы Жақсыбековтің көлігінің соңында хвост бар екен. Мен ол жігітті жақсы білемін. Ол менің шәкіртім. Демократияға арқа сүйеп, декабрь оқиғасына байланысты өзінің жеке пікірін айтқаннан бөтен жазығы жоқ. Өзім сөйлесемін онымен. Сізден Жақсыбековтің соңындағы бақылауды алып тастауыңызды сұраймын” Марков телефон тұтқасын ұясына қойды да, қолымды алып тұрып былай деді: “Ал жақсы. Қазақ достарға сәлем айт. Халықтар достығын нығайта беруге қызмет ет. Орыс пен қазақ халқының ежелден дос, тағдыры тамырлас екенін ұмытпа! Бізді жаңа шығармаларыңмен қуанта бер!”

– Марковқа барғаның қандай жақсы болған. Әйтпесе жағдайың қиын болғандай екен. Құдай көңілін көтерсін оның, – деп қуанып кетті Айгүл сол бір қиын жағдай Ерасылдың басынан дәл қазір өтіп жатқандай.

– Мәскеуге келгесін тағы бір қиындыққа кез болдым, – деді Ерасыл.

– Ол не тағы? – деді Әсет шыдамсызданып.

– “Жақсылық көрсем өзімнен, жамандық көрсем өзімнен. Біреу қылды дегенді таба алмайсың сөзімнен” деуші ме еді бір ақын. Сол айтқандай бәрі өзімнен болды. Көңілімді бір демдеген соң “Художественная литература” баспасына бармайын ба? Ондағылар келесі жылы шығуға тиіс екі томдығымды жоспардан алып тастапты. Орталық телевидениеге барсам, Останкинода өтетін кешім де кейінге сырғыпты. Олардың да шовинистік ауруы асқына бастаса керек. Содан қонақүйге қайтып келсем “Московские новости” газетінің тілшісі күтіп отыр екен. Бұл өзі бірнеше тілде шығатын, шет елдерге де тарайтын беделді басылым болғасын сұхбат беруге келістім. “Аузы күйген үріп ішеді” деген рас. Тілшіге желтоқсандағы шеру жайлы сұрақ қоймаңыз деп өтіндім. Ол “жарайды” деді де, диктофонын қосты. Тілші қыздың сұрағына орай қайта құруды қуаттап, оны бастаған Бас хатшыны мақтадым. Горбачевтің: “Қайта құру – жанды процесс және оны әлдебір схемалар бойынша программаланған роботтар емес, тірі адамдар жүргізуде... Біз өзара байланысты біртұтас дүниеде өмір сүріп отырмыз... ол

цивилизация үшін бәрімізге ортақ жауапкершілік жүктейді... Қайта құру – біздің барлық халықтарымыздың ортақ ұлы шаруасы” деген сөзімен қайта құру туралы ойымды тұздықтадым. Орыстың қаршадай қыздарына дейін пәле. Мына біздің Әселжан мен Әсеттен аз-ақ үлкен тілші қыз сөз аралата отырып, “Қайта құруға басшылық жасап отырған бас штаб – Саяси Бюроның құрамы, оның аса ықпалды бір мүшесі Курбатов жайлы пікіріңіз қандай?” – деп сұрамасы бар ма?

– Оны да мақтаған шығарсыз? – деді әкесіне еркін сөйлеп үйренген Әсет.

– Жоқ, мақтамадым, сынадым, – деді ұлының үніндегі наразылықты тап басып таныған Ерасыл.

– Рас па? Не деп сынадыңыз? – деп қуанып кетті Курбатовты ұнатпайтын Әсет.

– Мен бұл сұраққа былай деп жауап бердім, – деп әңгімесін жалғастырды Ерасыл. – Николай Иванович Курбатов Горбачев командасындағы әлсіз адам. Мен айтар едім, стечение обстоятельствомен көтерілген кездейсоқ, қаңылтыр қайраткер. Ә, дәлел дейсің бе? Дәлел жеткілікті. Ол байсалды ойлап, байыпты шешім қабылдайтын парасатты тұлғалар санатында еместігіне өзі бастамашы болған “сухой закон” дәлел. Соның салдарынан қаншама жүзім плантациялары оталды. Оларды қайта қалпына келтіру үшін ондаған жылдар керек. Орыстың аса көрнекті қаламгері Чеховтың сөзі есіңізде ме, “Адамның ішкі жан-дүниесі де, сыртқы сымбаты мен киім киісі де сұлу болу керек” дейтін. Ол Курбатовтың қалай киінгенін көріп жүрміз ғой көгілдір экраннан. Сонау отызыншы, қырқыншы жылдардағы талғамсыз киімдерге ұқсайды. Қолына іліккенін үстіне іліп жүре беретін мүмкіндігі жоқ біреу болса бір сәрі. Ал, сөйлеу мәдениетіне тағы да көңіл толмайды. Жақында Янош Кадар қайтыс болғанда Николай Иванович Венгрияға барып, социалистік мемлекет басшысын жерлеу рәсіміне қатынасып қайтты. Сөйлеген сөзін тыңдадық қой телевидениеден. Сонда Курбатов мен Янош Кадармен дос едім. Оған талай ақыл-кеңес беріп едім. Оған ол қатты риза болып еді деген мағынада біраз мақтанды. Қаралы жиында айтатын сөз бе осы?! Янош Кадар халықаралық деңгейдегі аса танымал тұлға. Сөзінің мазмұны осы болса, сөйлеу мәнері одан да сорақы. Әлемге әйгілі аса ірі тұлғаның қазасы жайлы көгілдір экранда екпіндеп, айғайлап сөйлеу де мәдениеттілік пе? Бұл қандай этикаға жатады? Қысқасы, маған бұл кісінің науқаншылдығынан бастап, істеген ісі, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, тіпті киген киіміне дейін ұнамайды. Бұл менің жеке өз пікірім. Қателесуім де мүмкін

– Папа, дұрыс айтыпсыз. Менің де пікірім осы, – деді Әсет.

– Содан сол сұхбаттың гранкасын оқып отырғанымда маған өзін Курбатовтың бірінші көмекшісімін деп таныстырған бір орыс жігіті телефон соқты. Менің шетелге қалай барып қайтқанымды, көңіл-күйімді,

денсаулығымды, қалай орналасқанымды, не көмек керек екенін сұрап, іші-бауырымнан өтіп барады. Сөзінің соңында: “Сізге пропуск жазғызып қойдық. Машина жіберейік. Бізге, Кремльге келіңіз” деді. “Не үшін?” деп сұрадым мен. “Николай Иванович Курбатов күтіп отыр” деп сызылмасы бар ма? “Ол кісінің қабылдауына жазылған жоқ едім” деймін мен. “Жазылып қайтесіз, Сізді кезексіз қабылдайды” деді ол. Николай Ивановичтің көмекшісімен әңгіме осылай болды.

– Саяси Бюроның мүшесі шақырса неге бармадыңыз, – деді саясаттан хабары аз Әсел.

– Ой, Әсел-ай, аңқаусың ғой, – деп әкесінен бұрын Әсет жауап берді оған. – Папамды ол дәудің Кремльге неге шақырып отырғанын манадан бергі әңгімеден аңғармадың ба?

– Ал сен білсең айта қойшы? Неге шақырды олар папамды?

– Кремльде отырған дәулердің қырық құлақ, жүз көзі бар. Қаптаған көмекшілер мен кбшниктер не бітіріп жүр дейсің, соларды қызғыштай қорып, тыңшылықпен айналыспағанда. Солардың біреуі папамның газетте шыққалы жатқан сұхбатын жеткізген. Сол материалды автордың келісімімен ың-шыңсыз номерден алып тастау үшін жасалған айла-шарғы емес пе бұл. Сен біліп жүр, Әсем, олардың қулығына құрық бойламайды. Осы айтып отырғаным дұрыс па, папа?

– Дұрыс, – деді Ерасыл. – Мен Кремльге бармағаннан кейін сол көмекші сол күні кешкісін тағы телефон соғып, менімен біраз саудаласты.

– Сонда ол не айтуы мүмкін, папама. Ал білгіш болсаң айта қойшы? – деп ағасына шүйілді Әсел.

– Ол әңгіме былайша өрбуі мүмкін. “Сіз, Жақсыбеков жолдас, ана “Московские новости” газетіне берген сұхбатыңыздағы Николай Иванович туралы пікірлеріңізді алып тастаңыз. Ол кісі Сіздің Мәскеудегі кешіңізді өткізуге, кітабыңызды шығаруға пәрмен берді. Сіз бізді дұрыс түсініңіз. Бұл сауда емес, әрине. Әйтсе де Николай Ивановичтің өзі сіздің шығармашылық кешіңізге қатыспақ ойы бар екенін хабарлаймын. Сол кезде өзіңізге ыңғайсыз болып жүрмесін. Бұл Сіз бен біздің арамыздағы құпия болуын қалаймын” деп төгілдірген болар.

– Солай ма, папа?

– Сен оған келіспедің ғой, папа? Солай ма?

– Солай, Әсетжан, солай. Сонымен сұхбат газетте шығып кетті, – деп әңгімесін әрі қарай қайта жалғады Ерасыл. – Сол күні сол сұхбат арқылы

мойыныма тағы бір қоңырау байланып, соңымнан қарауыл қойылғанын ішім сезді. Курбатов осал жау емес. Оның қолында СССР дейтін алып империяны билеп тұрған шексіз билік бар. Ойнақтап жүріп, от басты деген осы. “Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным?” дегендей аузы алты қарыс Курбатовта нем бар еді? Енді не істеу керек? деп жатып алып ойландым. Сондағы ойлап тапқаным, ең алдымен бірінші қабатқа түсіп, қонақүйде болу мерзімін он күнге ұзартып, ақысын төледім. Сосын бөлмеге келіп, шет елден алған “Адидас” спорт костюмін төсектің үстіне тастай салдым. Күздік пальтомды гардеробқа ілдім. Жазу столына отырып “ГДР сапарынан алған әсерлер” деп тақырып қойып, жарты бет жолжазба жаздым. Қаламсабымды, ГДР-да жазған қойын дәптерімді жазу столында, чемоданымды ішіндегі киім-кешек, кәкір-шүкірімен, тіпті сақал-мұртымды алатын электр құралымды да, тіс жуатын паста мен щетка, сабынды да номерде қалдырдым. Сосын қолыма дипломатымды алып, ақырын қонақүйден шығып кеттім. Кетерімде бір бет ақ қағазға үлкен әріптермен орысша: “Екі-үш күннен соң қайтып келемін” деп жаздым да, есікке қыстырдым. Сосын таксиге отырып, Айгүлдің Мәскеуде бірге оқыған құрбысы Галяның үйіне келдім. Галяның күйеуі Петр де, анасы Ольга Николаевна да үйде екен. «Ұлтшылсың деп менің соңыма түсіп алды. КГБ-ның қызыл көздерінен қашып жүрмін. Мені ұстап берсеңдер де, жасырып, паналатсаңдар да еріктерің” дедім. Олар: “Сені ұлтшыл деп жүрген қай ақымақ?! Біз сені баяғыдан білеміз ғой. Сен арқылы қазақ халқын да таныдық. Алматыда сенің үйіңде де, сен туып-өскен ауылда да болдық. Сен біздің бауырымызсың. Қазақ нағыз интернационалист халық. Сені дауға да, жауға да бермейміз! Қанша жатамын десең де жат осы үйде” десті. Содан сол үйде жатып, кеш болуын күттім. Кеш түскесін “Домедедово” әуежайына, депутаттар бөлмесіне келдім. Өзім депутат болмасам да Олжаспен бірге талай рет сол “үкімет бөлмесі” арқылы ұшқанмын Алматыға. Содан да онда қызмет көрсететін бикештердің бәрі таныс. Өмірімде бірінші рет пара бердім соларға.

– Шынымен бе? Сонда оларға не бердің? – деп таңданысын жасыра алмады Әсет.

– Жаным қысылғасын екеуіңе шетелден алған блузкіді бердім. Сөйтіп депутаттар бөлмесіндегі бикештерді көңілдендіріп алдым да, ең бірінші рейске билет алып беруін өтіндім.

Сөйтіп солардың көмегімен Ташкентке ұшып келдім де, ертесіне Самарқанға тартып кеттім. Қайтарда Жизакқа – Шараф Рашидовтың туған жеріне соқтым. Сосын Ташкентке қайтып оралдым да, машина жалдап, бір мың километрден артық жол жүріп, аман-сау орталарыңа оралдым.

– Папа, өте шебер жүріс жасапсың, – деді Әсет.

– У моего папы светлая голова, – деді Әсел.

– Жарайсың, шалым! – деді Айгүл. – КГБ-ны жақсы-ақ адастырған екенсің. Тек арты қайырлы болсын!

– Ендігісі оңай, – деді Ерасыл. – Уақыт озған сайын қуғын-сүргін де әлсіреп, азая бермек. Орыстар айтпақшы біздің көшеде де мейрам болады әлі.

– Лайым солай болсын! – деді Айгүл. – Сен кеткелі ұйқымыз шала еді. Бүгін бір жақсылап демалайықшы.

– Пәлі, түн ортасы болып қалыпты ғой. Ал, кәне, боталарым, ұйықтандар. Ерасыл осыны айтып екі жағында отырған ұлы мен қызын бауырына қысып, өзіне сүйсіне қараған Айгүлді жанарымен аймалады.

Сол күні кеш жатқан олар ертесіне төсектен сергек тұрды. Бұлардың көңіл-күйін көтере түсейін дегендей ұясынан тұсау бойы көтерілген күн де өзінің алтын нұрын айналаға аямай төкті.

Бұл желтоқсаннан кейінгі үрейлі көктем еді.